

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы»МКҚК

қамқоршылық кеңес төрайымына және кеңес мүшелеріне

Хабарлама

Қамқоршылық кеңесінің 2025-2026 оқу жылының жоспарына төмендегі қағидаларға байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай-бақшасында қамқоршылық кеңесінің жалпы отырысы өткізіледі.

1.Қамқоршылық кеңесінің отырысы 2026 жылдың 19 ақпан күні сағат 11.30-да өткізіледі.

- 1.МДҰ-ның топтарын безендіру жұмыстары
2. «Буллинг және оның түрлері»

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңес отырысының

№ 3 хаттамасы

Қосбөлтек ауылы

19.02.2026ж.

Қатысқаны:6

Күн тәртібінде:

1. МДҰ-ның топтарын безендіру жұмыстары
(баяндамашы меңгеруші Ш.Жанхожаева)
2. «Буллинг және оның түрлері»
(қамқоршылық кеңес мүшесі Е.Орынбай)

Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Ш.Жанхожаева бүгінгі күн тәртібіндегі мәселені айта келіп, 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың эмоционалдық және физикалық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың әрекет түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Бұл әрине балалардың жас ерекшеліктерін ескере отыруымыз қажет. Барлық топтың ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдар балалар үшін қолжетімді болуы қажет. Бұл тұста топтық бөлмелерде ұлттық құндылықтар, сюжетті-рөлдік ойындар, театрланған ойындар, кітап бұрышы, мамандықтар әлемі болуы қажет. Біздің балабақшамызда топтар безендірілген, жас ерекшеліктеріне қарай ойыншықтар, мамандықтар, сюжетті-рөлді ойындар, театрланған ойындар қамтамасыз етілген. Әрине мұның бәрі тәрбиешінің ұйымдастыруымен жүргізіліп отырылады. Тағы да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып жұмыс жасалынып отырғанын атап өтті.

Келесі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі Е.Орынбай өз сөзінде психологтардың айтуынша буллинг жас талғамайды. Кез-келген адам буллингке ұшырауы мүмкін.

Балабақшаға алғаш барған бала стрессте жүреді. Себебі кейбір балалар өздеріне ұнмаған баланы өз қатарларына қоспай шеттеуі мүмкін сол себепті де ата-ана балаға балабақшада не істейтінін, қандай орын екенін алдымен түсіндіріп айту қажет. Негізі психологтардың айтуы бойынша баланы 3 жастан бастап беру керек дейді. Бала буллингке қай жерде ұшыраса сол жерге барғысы келмей қалады. Достарынан қашып, тығылып жүреді.

Егерде бала балабақшада буллингке ұшырап жатса, онда ата-анасы, тәрбиешісі бірігіп, жұмыс жасап, психолог тарапынан да ұтқаруы тиіс. Әрине бұл балабақшада балаға

үлкендердің тарапынан яғни тәрбиешілердің тарапынан қысым көрсетіледі деп ойламаймын.

Бала біздің болашағымыз сол себепті де баланы қорғай білейік деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, шешім етті:

1.Бақшадағы топтарды безендіру жалғасын тапсын.

2.Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жұмыстар жүргізілсін.

Шешім бірауыздан қабылдансын.

Хатшы:  Стаева Г.